КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАНРЕСПУБЛИКАСЫНЫҢАТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 20 қантар № 5265-24-00-2/3701 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметов,
сот отырысының хатшысы Н. Нартайқызының қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
«Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «РСУ-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «NK Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «BAYS GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және «Электро-Лидер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. Жауапкерлер арасындағы мемлекеттік сатып алу келісім-шарттарын жарамсыз деп тану
2. Жауапкерлерден 30 пайыз мөлшерінде төленген аванстық төлемді мемлекеттің пайдасына өндіру

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР**
прокурор Ж. Азимбаева
талап қоюшының өкілі Д. Сундентбаев
жауапкерлердің өкілдері Ж. Токсанбаев, Б. Кулатаев, Н.Рамбердиев

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай (E-Otinish) платформасы арқылы «Строительная компания «Unit» ЖШС-нің 2024 жылғы 27 тамыздағы келіп түскен арызына сәйкес «Қазақстан

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 27.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-мен 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 109 «Аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізуге тапсырмасы» негізінде «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің тарапынан рейтингтік-балдық жүйе пайдаланатын конкурс тәсілімен өткізілген № 12913179-1 «Шымкент қаласы, Елтай шағын ауданындағы өрт сөндіру депосының құрылысы», № 12913110 «Шымкент қаласы, Бозарық-3 ықшам ауданындағы өрт сөндіру депосының құрылысы», № 1293073-1 «Шымкент қаласындағы Жаңаталап шағын ауданында өрт сөндіру депосының құрылысы» және № 12912891-1 «Шымкент қаласы, Сәуле шағын ауданында өрт сөндіру депосының құрылысы» жұмыстарының мемлекеттік сатып алу процедурасына Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» Заңның талаптарының сақталуына электрондық аудиторлық іс-шара жүргізілген.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 19 қыркүйектегі өнім беруші «Электро-Лидер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 326 798 300 теңгеге жасалған № 162 санды, 2024 жылғы 26 қыркүйектегі өнім беруші «РСУ-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 350 007 000 теңгеге жасалған № 163 санды, 2024 жылғы 21 қыркүйектегі өнім беруші «BAYS GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 310 313 500 теңгеге жасалған № 164 санды және 2024 жылғы 20 қыркүйектегі өнім беруші «NK Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 322 967 500 теңгеге жасалған № 165 санды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттарды жарамсыз деп тануды және «BAYS GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 30 % мөлшерінде төленген аванстық төлем сомасы 32 013 969, 77 теңгені және «Электро-Лидер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 30 % мөлшерінде төленген аванстық төлем сомасы 32 013 969, 77 теңгені өндіруді сұраған, оның негізіне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау Қағидаларының талаптары бұзылғанын көрсеткен.

Жауапкер «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі сотқа қарсы пікір беріп, онда талап қоюшының талабымен келісіп, мойындайтындарын және талап қоюшының мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттарын жарамсыз деп тану және 30% мөлшерінде төленген аванстық төлемдерді мемлекетке қайтару бойынша талап қоюын толығымен қанағаттандыруды көрсеткен.

Жауапкер «BAYS GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сотқа жазбаша қарсы пікір ұсынып, онда істі өздерінің өкілдерінің қатысуынсыз қарауды сұрай келе, сотқа толық сенетіндерін және шешімді қабылдауды соттың қарауына қалдыратындарын, алдағы уақытта ешқандай шағымдары болмайтындарын көрсеткен.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 27.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкерлер «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «РСУ-1», «NK Building» және «Электро-Лидер» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері сотқа жазбаша қарсы пікірлерін ұсынған жоқ.

Талап қоюшының өкілі талап қоюдағы уәждерін толық қолдап, талап қоюды толық қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкер «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі талап қоюды толықтай мойындап, оны талап қоюда көрсетілген негіздермен қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкер «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі талап қоюды толықтай мойындамай, конкурс тапсырыс берушінің берген мәліметтерінің негізінде заңды өткенін, талап қоюшы конкурстың өткеніне қандай да бір талап қоймағанын, шешімді қабылдауды соттың қарауына қалдыратынын атап өтті.

Жауапкер «NK Building» ЖШС-нің өкілі талап қоюды толықтай мойындамай, конкурс тапсырыс берушінің берген мәліметтерінің негізінде заңды өткенін, себебі конкурстың талабында көрсетілген талаптарды толықтай орындап, қатысуға арыздарын ұсынғандарын, компьютер өзі жеңімпаздарды анықтағанын, мемлекеттік сараптама болуы тиіс деген уәждерімен келіспейтінін, мемлекеттік емес сараптамасының қорытындысы күшінде екенін, сот әділ және заңды шешім қабылдайды деп сенетінін атап өтті.

Тиісті түрде хабарланған жауапкерлер «РСУ-1» және Электро-Лидер» ЖШС-нің өкілдері сотқа белгісіз себептермен қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктерінің талаптарына сәйкес сот істі жауапкерлер «РСУ-1», «BAYS GROUP» және Электро-Лидер» ЖШС-дің өкілдерінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қою толық қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берген.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

№ 1 және № 2 талаптар бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 5-бабы 11-тармағына сәйкес осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау осы Заңда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодекстің (бұдан әрі - АК) 157-бабының 2, 3-бөліктеріне сай, мәміленің нысанына, мазмұнына және мәмілеге қатысушыларға, сондай-ақ олардың осы Кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде белгіленген негіздер бойынша ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған кезде мәміле жарамсыз деп

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 27.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

танылады. Мүдделі тұлғалардың, тиісті мемлекеттік орган не прокурор мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоюы мүмкін.

АК-нің 158-бабына сәйкес мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланатын мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау Қағидаларының 9-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан астам балл) аудандар үшін өрт сөндіру депосы кешендері ғимараттары I (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі объектілерге жатады деп көрсетілген.

Сотта анықталғандай, «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-сі тарапынан № 12913179-1 «Шымкент қаласы, Елтай шағын ауданындағы өрт сөндіру депосының құрылысы», № 12913110 «Шымкент қаласы, Бозарық-3 ықшам ауданындағы өрт сөндіру депосының құрылысы», № 1293073-1 «Шымкент қаласындағы Жаңаталап шағын ауданында өрт сөндіру депосының құрылысы» және № 12912891-1 «Шымкент қаласы, Сәуле шағын ауданында өрт сөндіру депосының құрылысы» жұмыстарына мемлекеттік сатып алу процедурасы рейтингтік-балдық жүйе пайдаланатын конкурс тәсілімен өткізілген.

Талап қоюшымен осы мемлекеттік сатып алу процедурасы рейтингтік-балдық жүйе пайдаланатын конкурстарда «Мемлекеттік сатып алу» Заңның талаптарының сақталуына электрондық аудиторлық іс-шара жүргізіліп, тексеру нәтижесімен бірінші жоғары деңгейдегі объектілер болып табылатындарына қарамастан, сонымен қатар, бас жобалаушы «Конструктор-80» ЖШС-гі 2024 жылғы 05 шілдедегі № QS-0079/24, 2024 жылғы 10 шілдедегі № QS-0081/24, 2024 жылғы 05 шілдедегі № QS-0077/24, 2024 жылғы 05 шілдедегі № QS-0078/24 ұсынған мемлекеттік сараптамасында (сараптаманың 9 бетінде сейсмикалық қарсы шаралар бөлігінде) сейсмикалық 7 балл және одан жоғары аумақтарда салынатын құрылыс жұмыстары екендігіне қарамастан, аталған құрылыс нысандары II (қалыпты) деңгейі екендігі көрсетілгені анықталған, сондай-ақ, сараптама жеке меншік заңды тұлғамен жасалғаны анықталған.

2024 жылғы 25 қыркүйекте № Д-505 шығыс хатымен «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің тарапынан ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі апелляция департаментіне 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 109 аудиторлық есебімен келіспей, аудиторлық есепте анықталған бұзушылықтарға қарсылық жіберілген.

2024 жылғы 18 қазанда ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі апелляция департаментінің № ДАВГА-01-ДА/8582-И шығыс хатына сәйкес қарсылықты қарау қорытындылары бойынша Апелляциялық комиссия

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 27.01.2025

5265-24-3-1/4048

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы № 165 бұйрығының талаптары сақталмаған.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген өрт сөндіру деполарының жоғарыда аталған объектілері, жауапкершіліктің I (жоғары) деңгейіндегі (техникалық жағынан күрделі) объектілерге жататындықтан, мемлекеттік сараптамадан өткізілу тиіс еді.

Жауапкер «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» ММ-сі сотқа жазбаша берген қарсы пікірінде талап қоюшының талабымен келісіп, мойындайтындарын және талап қоюшының мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттарын жарамсыз деп тану және 30% мөлшерінде төленген аванстық төлемдерді мемлекетке қайтару бойынша талап қоюын қанағаттандыруға қарсы емес екендерін көрсеткен.

Жауапкер «BAYS GROUP» ЖШС-гі сотқа жазбаша қарсы пікір ұсынып, онда істі өздерінің өкілдерінің қатысуынсыз қарауды сұрай келе, сотқа толық сенетіндерін және шешімді қабылдауды соттың қарауына қалдыратындарын, алдағы уақытта ешқандай шағымдары болмайтындарын көрсеткен, ал қалған жауапкерлер сотқа қарсы пікірлерін ұсынған жоқ.

Өз кезегінде, сот жауапкер «NK Building» ЖШС-нің өкілінің талап қоюды толықтай мойындамай, конкурс тапсырыс берушінің берген мәліметтерінің негізінде заңды өткен, компьютер өзі жеңімпаздарды анықтаған, талап қоюшының мемлекеттік сараптама болуы тиіс деген уәжімен келіспейтінін және мемлекеттік емес сараптамасының қорытындысы күшінде деген, уәждерін, сот негізсіз деп таныйды.

Себебі, 2015 жылғы 28 ақпандағы Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы № 165 бұйрығының талабына сәйкес өрт сөндіру деполарының жоғарыда аталған объектілері, жауапкершіліктің I (жоғары) деңгейіндегі (техникалық жағынан күрделі) объектілерге жатады, сондай-ақ, мемлекеттік сараптамадан өткізілу шарт.

Сондай-ақ, АК-нің 158-бабына сәйкес мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланатын мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

Ал, мемлекеттік сатып алу процедурасы рейтингтік-балдық жүйе пайдаланатын конкурстар Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы № 165 бұйрығының

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 27.01.2025

5265-24-3-1/4048

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талаптарына қайшы болғандықтан, осы конкурстың нәтижесімен түзілген даулы келісім-шарттарда заңның талаптарын қайшы, деп сот тұжырымдайды.

Бұл орайда, сот талап қоюшының жауапкерлер арасындағы мемлекеттік сатып алу келісім-шарттарын жарамсыз деп тану туралы талаптары негізді және қанағаттандыруға жатады деп табады.

Бұдан басқа, сотта «BAYS GROUP» ЖШС-не 2024 жылғы 02 қазандағы № 3739851/24-1430 санды төлем тапсырмасымен 30 % мөлшерінде аванстық төлем сомасы 32 013 969, 77 теңге, ал «Электро-Лидер» ЖШС-не 2024 жылғы 16 қазанда № 3739851/24-1491 санды төлем тапсырмасымен 30 % мөлшерінде аванстық төлем сомасы 32 007 759, 44 теңге қаржылар аударылғаны анықталды.

Сот, конкурстың нәтижесімен түзілген даулы келісім-шарттар заңның талаптарына қайшы, деп тануына байланысты, тиісінше осы келісім-шарттар негізінде аударылған жоғарыдағы қаржыларда қайтарылуға жатады деп табады.

Жауапкерлер АПК-нің 72-бабына сай, сотта зерттелген дәлелдемелерден тыс, сотқа басқа дәлелдемелер өткізген жоқ.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының жауапкерлер арасындағы мемлекеттік сатып алу келісім-шарттарын жарамсыз деп тану және жауапкерлерден 30 пайыз мөлшерінде төленген аванстық төлемді мемлекеттің пайдасына өндіру туралы талаптарын негізді және толық қанағаттандыруға жатады деп табады.

АПК-нің 117- бабының талабына сай жауапкерлер «NK Building» ЖШС-мен «РСУ-1» ЖШС-нен әр қайсынан мемлекеттің кірісіне мемлекеттік баж салығы 1 846 теңгеден өндірілуге жатады, өз кезегінде «BAYS GROUP» ЖШС-нен 962 265 теңге, ал «Электро-Лидер» ЖШС-нен 926 079 теңге өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкерлер «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 19 қыркүйектегі өнім беруші «Электро-Лидер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 326 798 300 (үш жүз жиырма алты миллион жеті жүз тоқсан сегіз мың үш жүз) теңгеге жасалған № 162 санды, 2024 жылғы 26 қыркүйектегі өнім беруші «РСУ-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 350 007 000 (үш жүз елу миллион жеті мың) теңгеге жасалған № 163 санды, 2024 жылғы 21 қыркүйектегі өнім беруші «BAYS GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 310 313

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 27.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

500 (үш жүз он миллион үш жүз он үш мың бес жүз) теңгеге жасалған № 164 санды және 2024 жылғы 20 қыркүйектегі өнім беруші «NK Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 322 967 500 (үш жүз жиырма екі миллион тоғыз жүз алпыс жеті мың бес жүз) теңгеге жасалған № 165 санды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттары жарамсыз деп танылсын.

Жауапкер «BAYS GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 2024 жылғы 02 қазандағы № 3739851/24-1430 санды төлем тапсырмасымен аударылған 30 % мөлшерінде төленген аванстық төлем сомасы 32 013 969 (отыз екі миллион он үш мың тоғыз жүз алпыс тоғыз) теңге, 77 (жетпіс жеті) тиын өндірілсін.

Жауапкер «Электро-Лидер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 2024 жылғы 16 қазанда № 3739851/24-1491 санды төлем тапсырмасымен аударылған 30 % мөлшерінде төленген аванстық төлем сомасы 32 007 759 (отыз екі миллион жеті мың жеті жүз елу тоғыз) теңге, 44 (қырық төрт) тиын өндірілсін.

Жауапкер «NK Building» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер «РСУ-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер «BAYS GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 962 265 (тоғыз жүз алпыс екі мың екі жүз алпыс бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер «Электро-Лидер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 926 079 (тоғыз жүз жиырма алты мың жетпіс тоғыз) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

**Судья** **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 27.01.2025